

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқужоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы  
негізінде

2022 – 2023 оқужылына арналған ұйымдастырылған  
іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ/сынып: «Ақ бота» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы  
сәуір айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
СӘУІР	Денешынықтыру	<p><b>Негізгі қимылдар:</b> Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 см, ұзындығы 2-2,5 м) жіптің бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге және т. б.): тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан ( биіктігі 10-15см): құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 см арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында баяу айналу.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар</b> Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу.</p> <p><b>Қимылды ойындар</b> Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру.</p> <p><b>Спорттық жаттығулар</b> Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өзбетінше рөлді басқаруға үйрету;</p> <p><b>Дербес қимыл белсенділігі</b> Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би және т.б.) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын</p>

		<p>меңгерген қимылдарды өзбетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</b>  Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өзбетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</b>  Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.</p>
Сөйлеуді дамыту		<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>  Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.</p> <p><b>Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру</b>  Қолжетімді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу;</p> <p><b>Сөздік қор:</b>  Балалардың сөздік қорын: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен;</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>  Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>  Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді? және тағы басқа) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге үйрету.</p>

		<p><b>Шығармашылық сөйлеу іс-әрекеті</b> Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?»». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.</p> <p><b>Шығармаларды қабылдау</b> Түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту</p>
	Көркемәдебиет	<p><b>Оқу, әңгімелеу</b> Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.</p> <p><b>Мәнерлеп оқу</b> Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру</p> <p><b>Мазмұндау</b> Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.</p> <p><b>Театр дағдыларын дамыту</b> Түрлі мәтіндерді оқығанда дұрыс тыныс алу</p> <p><b>Моральдық нормалар түсінігі</b> Ересектермен және құрдастармен қарым - қатынас</p>
	Сенсорика	<p><b>Көп</b> Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.</p> <p><b>Саны , есебі</b> Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.</p> <p><b>Шамасы</b> Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өзбетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Геометриялық пішіндер</b> Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды,</p>

		<p>өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау</b> Дене бөліктерінің орналасуын шарлау мүмкіндігін үйрету</p> <p><b>Уақыт бойынша бағдарлау</b> Тәулік бөліктерін атау, тану дағдыларын қалыптастыру: таң, күн, кеш, түн.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру		<p><b>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары</b> Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар және т.б.) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау және т.б.) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.</p> <p><b>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</b> Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп және т.б.) мен жемістерді (алма, алмұрт және т.б.) ажырату.</p> <p><b>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі</b> Өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау.</p> <p><b>Бала, оның отбасы, үйі</b> Бала, оның отбасы, үйі «Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.</p> <p><b>Заттар әлемі</b> Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу және т. б.), белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою және т. б.) орындауға баулу.</p> <p><b>Қауіпсіздік ережелері</b> «Болады», «болмайды», «қауіпті» ұғымдарымен</p>

	таныстыру. Сумен, құммен және т.б. ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (суды ішпеу, құмды шашпау және т.б.) таныстыру.
Құрастыру	<b>Конструктор бөлшектерінен құрастыру</b> Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою.
Сурет салу	<b>Сюжетті сурет салу</b> Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.
Мүсіндеу	<b>Сюжеттік мүсіндеу</b> Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету.
Жапсыру	<b>Сюжеттік жапсыру</b> Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.
Музыка	<b>Музыка тыңдау</b> Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. <b>Шырқау</b> Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. <b>Музыкалық-ритмикалық қимылдыр</b> Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. <b>Билер</b> Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; <b>Ойындар, әндер</b>

		<p>Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар және т.б.), ойындар мен әндерді сахналау</p> <p><b>Балаларға арналған музыкалық аспаптармен ойнау</b></p> <p>Қимылдарды заттармен: бубенмен, сылдырмақпен және т.б. орындау.</p> <p>Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</p>
--	--	--